

Өзбекстан Республикасына ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 шілдедегі N 690

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің табиғи зілзаланың нәтижесінде зардап шеккен Өзбекстан Республикасының халқына 1-сортты 120 тонна (екі темір жол вагоны) ұн түрінде ізгілік көрсету туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғандағы, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резервтік қорынан 3 (үш) млн. 200 (екі жүз) мың теңге, оның і ш і н д е :

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне - ұнды сатып алуға және тиеуге байланысты шығыстарды өтеуге 3 млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - ізгілік жүгін тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеуге 200 мың теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ізгілік көмегі тиелген вагондарды Тараз қаласынан Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласына жедел жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ізгілік

көмегін Өзбекстан Республикасының аумағында қарсы алуды және оны арналуы бойынша беруді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және жоғарыда көрсетілген мақсатқа арналған қосымша шығыстар пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК